

«Аяла» санаторлық бөбекжайы КММ-сі

«Қарлығаш» ересек топ

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

Тақырыбы: «Қауіпсіз қала, үйдің мекенжайы мен үй
номерлері»

Тәрбиеші: Саурова А.Д.

Джулдасбекова Л.П.

2024-20245оқу жылы

Тақырыбы: Қауіпсіз қала, үйдің мекенжайы мен үйдің номерлерін уйрету

Мақсаты: Балаларға өздері тұратын қалаларында қауіпсіздік жайлы түсінік беру.

Үйлерінің номерлерін, көше атауларын, ата-анасының сымтетіктерінің номерлерін білуді үйрету. Балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпті жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын дамыту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап сақтауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: қауіпті, қауіпсіз

Көрнекілігі: көп қабатты жеке меншік үйлердің макеті, 1-5 ке дейінгі сандар, сымтетік, қауіпті жағдайлар туралы суреттер.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген.

Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз,

Үлгі алсын көрген жан мына бізден.

Балалар шеңберге тұрып сәлемдеседі.

Ұйымдастырушылық -ізденістік

- Балалар, қауіпсіздік дегенді қалай түсінесіңдер?

Балалар: Қауіпсіздік - дегеніміз ол өзін қорғау және сақтау.

Қонаққа «Сақтаныш» келеді. Қолын таңып алған.

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Менің атым-Сақтаныш. Мен балабақшада қатты жүгіріп, қолымды жарақаттап алдым.

-балалар, біз Сақтанышқа қауіпсіздік ережелерін түсіндірейік. Ал, сендер білесіңдер ме, қауіпсіздік деген не?

-иә, балалар, сендер әр уақытта әртүрлі жағдайларға тап болуларың мүмкін. Бүгін біз, егер сондай жағдайларға ұшырасандар, одан қалай шығуға болатын жағдайларды қарастырамыз.

Тәрбиеші:

-Балалардың назарын жеке меншік үйдің макетіне аудару.

-Балалар біздің тұратын жеріміз қалай аталады?

-Балалар: Аксукент ауылында көп қабатты үйде және жер үйлерде тұрамыз.

Балалар өз үйлерінің мекенжайларын айтып үйренеді.

«Сымтетік» ойыны

Ойынның шарты: Балалар сандарға қарап аналарына немесе әкелеріне хабарласады.

Сергіту сәті:

Балалар сергіту сәтін Айсәулемен бірге қимылды әрекетпен орындайды.

Тәрбиеші:

- Айсәуле, сен біздің балалармен бірге отырып қауіпсіздік ережесін үйрен.

«Қауіпсіздік ережелерін сақтамаған кейіпкерлерді тап» дидактикалық ойыны:

- Мен сендерге қауіпсіздік ережесін сақтамаған ертегі кейіпкерлерін жасырамын, ал сендер тауып көріндерші.

1. Қай ертегі кейіпкері үлкендердің ұрықсатысыз терезеден орманға жалғыз кетеді?
(Бауырсақ)

2. Ал мына ертегі кейіпкерлерін қасқыр жеп қояды, себебі олар оған есік ашады. (Жеті лақ ертегісі)

3. Келесі кейіпкеріміз жалғыз орманға шығып, қасқырға әжесінің үйін қайда екенін айтқан үшін қауіпті жағдайға ұшырайды, ол кім? (қызыл телпек)

- Дұрыс, бұл кейіпкерлер қауіпсіздік ережесін сақтамады, ал сендер тағы қандай қауіпті заттарды білесіздер?

-Балалардың жауабы.

«Үйқасын тап» сөздік-логикалық ойыны:

- Бір, екі, үш, төрт, үйде болып жатыр(өрт)
- Түтін басып кетіпті, сөндірмеген біреу.....(үтікті).
- Қызыл жалын лаулады, демек сірінкемен біреу..... (ойнады)
- Тек тұрғаның жарамас, тез 101 ге сен (хабарлас)
- Өртке оранды шатыр, өртсөндірушіні тез.....(шақыр)

Тәрбиеші Айсәулеге қауіпсіздік ережесі туралы кітапты сыйға тапсырады.

Айсәуле : - Ой, балалар, рахмет сендерге мен енді үйге қайтайын, анам келіп мені іздеп жатқан шығар,- деп балалармен қоштасады.

Рефлексивті- түзетушілік

Слайд көрсету арқылы:

- Егер өрт шықса қайда хабарлаймыз? - 101

- Егер үйге бөгде адамдар кіріп бұзақылық жасап жатса? - 102

- Егер бір жерімізді жарақаттап, ауырып қалсақ қайда хабарласамыз? - 103

- Біз Айсәулеге қалай көмектестік?

Балалар сұрақтарға сөйлем құрап толығымен жауап береді.

Қорытынды:

Балалар өздері тұратын қалаларын, ауылын біліп, үй номерлерін, көше атауларын, ата-анасының сымтетік номерлерін үйренеді. Балалар үйдегі қауіпсіздік шараларды туғызуы мүмкін заттар мен қауіпті жағдайларды түсінеді. Өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс сақтап жүру дағдыларын меңгереді.

